

**«Сурет» пәні бойынша
Ұлттық біліктілік тестілеуге арналған
тест спецификациясы**

1. Мақсаты: Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарында жұмыс істейтін педагогтарды аттестаттау барысында Ұлттық біліктілік тестілеуге арналған тест тапсырмаларын әзірлеу үшін құрастырылған.

2. Міндеті: Педагогтардың біліктілік деңгейінің біліктілік талаптарға сәйкестігін анықтау.

3. Мазмұны: «02150800 - Театр-декорациялық өнері (бейін бойынша)» мамандығы, 3W02150801 - Бутафор, 3W02150802 - Гримдеуші-постижер, 4S02150803 – Жарық аппаратурасының операторы, 4S02150804 - Костюм бойынша суретші, 4S02150805 - Суретші декораторы біліктіліктеріне арналған «Сурет» пәні бойынша педагогтарды аттестациялауға арналған тест.

№	Тақырып	№	Тақырыпша
1	Натюрморт	1	Қарапайым геометриялық денелер және оларды құру. Тұрмыстық заттарды құру. Гипс розеткаларды құру. Капительді құру перспектива заңдылықтары
2	Портрет	2	Адам бас сүйегінің құрылысы. Формаларды құру теориясы. Конструктивизм. Тірі адам басын құру. Бет бөліктерін конструктивтік құрылымы. Иық пен мойынның анатомиясы мен конструкциясы.
3	Адамның жартылай денесі	3	Көкірек торы мен жамбас анатомиясы. Дене бөліктері. Гипстік кеуде мүсіні. Көкірек торы мен жамбас қаңқасының конструкциялық құрылысы.
		4	Адамның жартылай денесінің анатомиясы. Пропорциялық ерекшеліктері. Сызықты-конструктивтік сурет. Тірі бейне. Өр түрлі ракурстегі және қозғалыстағы адам денесін бейнелеу.
4	Адамның толық денесі.	5	Адам денесінің анатомиясы. Пропорциялық ерекшеліктері. Сызықты-конструктивтік құрылысы. Адам денесінің пластикалық құрылымы. Негізгі нүктелер мен буын құрылыстары. Қарапайым және күрделі қозғалыстағы адам денесі. Кеңістіктегі форманы анықтау. Перспективалық ізденістер. Пластикалық мәселелер. Жарық-көлеңке заңдылықтары. Тұтастық мәселесі. Форманы модельдеу ерекшеліктері. Кеңістік пен ортаны беру. Киім қыртыстары мен дене формасын модельдеу.
Мәнмәтіндік тапсырмалар (мәтін, кесте, графика, статистикалық ақпараттар, суреттер және т.б).			

4. Тапсырма мазмұнының сипаттамасы:

Натюрморт. Қарапайым геометриялық денелер. Тұрмыстық заттар. Гипс розеткалар. Капитель: Қарапайым геометриялық денелер және оларды құру. Тұрмыстық заттарды құру. Гипс розеткаларды құру. Капительді құру перспектива заңдылықтары. Қарапайым геометриялық

денелердің нобайы мен суреттемелері. Куб, цилиндрді мысалға ала отырып ең оңай сызықтар перспективасы. (сызықты-конструктивті сурет негізі)

Портрет. Адам басының анатомиясы. Бет бөліктерін құру теориясы. Басты иық белдеушесімен құру: Адам бас сүйегінің құрылысы. Формаларды құру теориясы.

Конструктивизм. Тірі адам басын құру. Бет бөліктерін конструктивтік құрылымы. Иық пен мойынның анатомиясы мен конструкциясы. Бас сүйек – адам басын зерттеудің негізі ретінде. Пластикалық анатомия бойынша базалық негіз.

Көкірек торымен жамбас қаңқасы. Адамның гипстегі жартылай дене мүсіні: Көкірек торы мен жамбас анатомиясы. Дене бөліктері. Гипстік кеуде мүсіні. Көкірек торы мен жамбас қаңқасының конструкциялық құрылысы. Форматтағы үйлестірушілік шешім, анатомиялық таңдау: қаңқа бөлшектері, жеке қаңқа пропорциялық қатынасы, құрылымдығы, формаларын таңдау.

Адамның жартылай денесі. Пропорциялық ерекшеліктері. Конструктивтік құрылымы: Адамның жартылай денесінің анатомиясы. Пропорциялық ерекшеліктері. Сызықты-конструктивтік сурет. Тірі бейне. Әр түрлі ракурстегі және қозғалыстағы адам денесін бейнелеу. Форматтың үйлестірушілік шешімі, беттегі дене динамикасын іздестіру, сызықтық-конструктивтік құру, перспективтік өзгерістерді есепке алумен дене мүшелерінің пропорционалды арақатынасы, иық белдеуіне басты, мойынды орналастыру, жарық пен көлеңкеде модельдеу.

Адамның толық денесі. Пропорциялық ерекшеліктері. Анатомиялық сауаттылық.

Форманың конструкциясы: Адам денесінің анатомиясы. Пропорциялық ерекшеліктері.

Сызықты-конструктивтік құрылысы. Адам денесінің пластикалық құрылымы. Негізгі нүктелер мен буын құрылыстары. Қарапайым және күрделі қозғалыстағы адам денесі.

Кеңістіктегі форманы анықтау. Перспективалық ізденістер. Пластикалық мәселелер. Жарық-көлеңке заңдылықтары. Тұтастық мәселесі. Форманы модельдеу ерекшеліктері. Кеңістік пен ортаны беру. Киім қыртыстары мен дене формасын модельдеу. Форматтағы нобайларды үйлестіру тәсілі, қоғалыс сипатын беру, тірек тиянағын іздестіру, сызық нобайлар мен суреттемелерде дене мүшелерін пропорционалды арақатынасын беру.

5. Тесттің бір нұсқасындағы тест тапсырмаларының қиындығы: Тест тапсырмаларының қиындығы 3 деңгейде беріледі: базалық деңгейде (А) – 25 %; орташа деңгейде (В) – 50 %; жоғары деңгейде (С) – 25 %.

Базалық деңгейдегі тест тапсырмалары қарапайым білім мен дағдыларын пайдалануға, түсушінің ең төменгі дайындық деңгейіне баға беруге, белгілі бір нұсқаулардың көмегімен әрекеттерді орындауға, қарапайым дәлелдер мен ұғымдарды пайдалануға негізделген.

Орташа деңгейдегі тест тапсырмалары негізгі білім мен дағдыларын дұрыс пайдалануға, жаңа жағдайларда қарапайым модельдерді тануға, деректерді талдау мен салыстыруға, жүйелеуге, дәлелдерді қолданып, ақпаратты жалпылау мен қорытынды жасау қабілеттерін бағалауға негізделген.

Жоғары деңгейдегі тест тапсырмалары неғұрлым күрделі білім мен дағдыларын пайдалануды, тапсырмалардың күрделі модельдерін тануды, мәселелерді шешу үшін білім мен дағдыларын біріктіруді, күрделі ақпаратты немесе деректерді талдауды, пайымдауды, тұжырымдарды негіздеуге бағытталған.

6. Тест тапсырмаларының формалары: Бір дұрыс жауапты және бір немесе бірнеше дұрыс жауапты таңдауға арналған жабық формадағы тест тапсырмалары.

7. Тест тапсырмаларын орындау уақыты:

Бір тапсырманы орындаудың орташа ұзақтығы 1,5 – 2 минутты құрайды.

8. Бағалау:

Аттестация кезінде тестілеудің жиынтық балы есептелінеді.

Бес жауап нұсқасынан бір дұрыс жауап таңдалған тапсырма үшін – 1 балл, дұрыс орындалмаған тапсырмаға – 0 балл алады.

Бірнеше жауап нұсқасынан барлық дұрыс жауаптар үшін – 2 балл, жіберілген бір қате үшін – 1 балл, екі және одан көп қате жауап үшін – 0 балл беріледі.

9. Ұсынылған әдебиеттер тізімі:

1. Г.В.Беда. Бейнелеу сауаттылығы негіздері. М., 1981 ж.
2. А.Ростовцев. Академиялық сурет. М., 1984 ж.
3. А.Ростовцев. Оқу суреті. М., 1976 ж.
4. А.Ростовцев. «Сурет салуды үйрету әдістерінің тарихы». М.
5. В.С. Кузин. «Бейнелеу өнері сұрақтары». М., Ағарту. 1971
6. «Бейнелеу өнері сауаттылығы мектебі».
7. В.С. Кузин. «Нобайлар мен суреттемелер».
8. М.Ц. Рабинович. «Адамның, төртаяқты хайуанаттар мен құстардың пластикалық анатомиясы. Суретте олардың қолданылуы».
9. Г.В. Беда. Бейнелеу сауатының негіздері. М., 1981 ж
10. Баш «Орта көркемсурет мектебіндегі сурет».
11. Баш «Нобайлар мен суреттемелер».
12. «Сурет. Оқу қойылымдары». М., 1963 ж.
13. «Сурет». А.Н. Серовтың ред.
14. А.Ростовцев. Академиялық сурет. М., 1984 ж.
15. А.Ростовцев. Оқу суреті. М., 1976 ж.
16. А.Ростовцев. «Сурет салуды үйрету әдістерінің тарихы». М.
1 бөлім – «Шетел сурет мектебі, М., 1963 ж.
2 бөлім – «Орыс және кеңес сурет мектебі», М., 1982 ж
17. «Бейнелеу өнері сауаттылығы мектебі».
18. Тихонов. «Сурет».
19. Джованни Чивариди. «Пластикалық анатомия» М. Эсмо. 2005 г.
20. «Сурет өнерінің кілтті». Берп Додсон. Минск. «Попурри» 2004 ж.
21. «Тез сурет салу тәсілі». Дэвид Рэнкин.
22. «Ер адамның жалаңаш суретті». Джованни Чиварди. Эксмо- пресс Москва. 2002 ж.
23. «Суретшілерге арналған анатомия. Қазғалыстағы адам мүсіні» Москва қ-сы. Аст – Астрель 2004 ж. Том Флинт.
24. «Орталық курс. Сурет». Москва. Аст – Астрель 2005 ж. Терри Розенберг; Питер - Станир.
25. «Суретті қарындашпен салу». Москва. Аст- Астрель 2005 ж. Джин Френкс.
26. «Сурет бастамасы». Москва. 2007 ж. Н. Ким.